

где они могли не только попросить о помощи своих коллег, но и сами оказать помощь, почувствовать свою значимость, что повышает самооценку обучающихся.

Одной из форм организации групповой работы во время проведения исследования было обучение в сотрудничестве. Обучение в сотрудничестве нацелено на формирование определенных навыков, умений, усвоение понятий, академических знаний, предусмотренных программой. Этот метод позволил всем обучающимся понять материал и усвоить знания. Каждый учитель был заинтересован в выполнении задания, понимании материала.

В собственную практику преподавания мы с уверенностью будем внедрять в постоянном режиме определенные принципы формирования групп и принципы их работы. Опыт обучения учителей показал: при групповой работе учителя усваивают элементы организационной деятельности лидера, сотрудника, формируют опыт вступления в контакты с расширенным профессиональным сетевым сообществом учителей-коллег, адаптируются к производственному, жизненному ритму. Большую роль выполняют формы кооперативного обучения, где главным фактором является выход обучающегося на саморегуляцию. Групповая форма работы также способствует расширению кругозора обучающихся, поскольку для полноценной работы в группах необходима интеграция различных видов действия, сфер знания. Эффективность обучения касается не только академических успехов обучающихся, их интеллектуального развития, но и нравственного.

Следует отметить, что критерием успешности проведенного нами «исследования в действии» в среде школьных учителей стала интеграция различных методик групповой работы в серию последовательных уроков иностранного языка.

Список литературы:

1. Руководство для учителя. 1 уровень. // АОО НИШ, Астана, 2012. - 194 с.
2. Руководство для тренера. 1 уровень. // АОО НИШ, Астана, 2012. - 108 с.
3. Руководство для учителя. 3 уровень // АОО НИШ, Астана, 2012. - 194 с.
4. Педагогический Энциклопедический Словарь / Гл. Ред. Б.М. Бим-Бад– М.: Большая Российская энциклопедия, 2002. – 528с.
5. Леонтьев А. А. Психология общения. – Москва: Генезис, 1997. – 370 с.

Оразымбетова Баян Баймагамбетовна,

доцент КГПИ, аға оқытушы,

Ахметчина Толқын Ақанғалиевна,

биология магистрі, аға оқытушы

Қостанай мемлекеттік педагогикалық институт

БИОЛОГИЯ ПӘНІНДЕ ЖОБАЛАП ОҚЫТУ ТЕХНОЛОГИЯСЫН ҚОЛДАНУДЫҢ ТИІМДІЛІГІ

АННОТАЦИЯ

Қазіргі кезде білім беру саласындағы көптеген педагогикалық технологиялардың ішінен жобалау әдісі жиі қолданылатын болып жүр. Жобалау әдісін биология пәнінде қолдану оқытудың жақсы ойластырылған, негізделген әдіс- тәсілдері мен құралдарын қамтиды. Бұл әдіс тұлғаға бағытталған, яғни әр оқушыны оқыту барысында оның тұлғалық ерекшеліктері ескеріледі, сонымен қатар сынып ұжымын ынтымақтастықта оқыту қатар жүреді. Жобалық жұмыс орындаушы оқушылардың бойында жобалық білік қалыптасады, алдына проблема қою, сол проблемаға қатысты мақсат қою, жоспарлау, зерттеушілік, коммуникативтік біліктері қалыптасыды.

Кілт сөздер: жоба, функциональдық, технология, дамыту.

АННОТАЦИЯ

Современное общество предъявляет высокие требования не только к уровню знаний учеников, но и к умению работать самостоятельно, к способности рассматривать проблему. Один из возможных способов достижения этих целей — проектная деятельность учащихся. Проектный

метод обучения пробуждает учащегося проявить интеллектуальные способности, нравственные и коммуникативные качества, продемонстрировать уровень владения знаниями и общеучебными умениями, целеполагание, способность к самообразованию и самоорганизации.

Ключевые слова: проект, функциональность, технология, развитие.

ABSTRACT

Modern society makes high demands not only to the level of knowledge of pupils, but also to the ability to work independently, the ability to address the problem. One of the possible ways to achieve these goals, students' project activity. The project method of education awakens the student to demonstrate intellectual abilities, moral and communicative qualities, to demonstrate proficiency in the knowledge and study skills, goal setting, the ability to self-education and self-organization.

Keywords: project, functionality, technology, development.

Елбасымыз Н.Назарбаев жолдауында: «Ұлттың бәсекеге қабілеттілігі бірінші кезекте білім деңгейімен айқындалады» - деген байламы жеке адамның құндылығын арттыру, оны дайындайтын ұстаз жауапкершілігінің өсуі, тынымсыз еңбек, сапалы нәтиже деген ұғыммен егіз. Бүгінгі қоғамның ұстаздар алдына қойып отырған басты міндеті, артар жүгі сапалы білім берумен қатар жан-жақты дамыған, өзіндік ой-пікірі қалыптасқан, өмірде ойын жүзеге асыра алатын тұлға қалыптастыру.

Білім беру саласында жас ұрпақты пәндік біліммен қаруландыру ғана емес, олардың бойына өзін-өзі дамыта алатын, өздігінен ізденіп, зерттеуді жүргізе білетін, өзіне-өзі қызмет көрсете алатын, қоғам талабына сай еңбекқор, мәдениетті, ұлттық рухани-адамгершілікті және шығармашылықпен жұмыс істей алатын іскерлік қабілеттерін танытуды мақсат етеміз. Оқушының жан-жақты дамуындағы проблемалық жағдайларды туғызатын теориялық маңызды, практикалық тұрғыдан өзекті мәселе болып есептеледі [1].

Сондықтан, жаңаша білім беру жүйесіндегі «Биология» пәні оқушының зерттеушілік, шығармашылық қабілеттерін дамыту: тоқтаусыз өзгерістегі қоғам талабына сай рухани интеллекті, жағымды және жағымсыз іс-әрекеттерді сын көзбен саралай алуға, өзін-өзі басқара алуға, жаңаша жобалар мен идеяларға шығармашыл білім беру саласының арнайы тарауларын оқыту, сабақта жаңа технологиялар мен шығармашылық жобалау әдістері арқылы оқушылардың өз бетімен іздену, зерттеу және шығармашылық қабілеттерін дамыту, өмір ағымындағы материалдық қажеттіліктен туындаған мәселені дайындау технологиясын үйрету, оның экономикалық тиімділігі, талаптарға сәйкестігі мен жобалау іс-әрекетінің іскерлік қабілеттілігін қалыптастыра отырып, оқушыларға экологиялық және эстетикалық тәрбие беру, еңбексүйгіштікке баулу, шығармашылықпен ойлау қабілеттіліктерін дамыту, тарихи ұлттық мұраларымызды ұрпақтан - ұрпаққа жалғастыруға баулу, болашақ мамандықты дұрыс таңдауға бағыт беру міндетіміз.

Өзектілігі: Жобалық іс- әрекет оқытушы мен оқушының бірлесіп қызмет етуіне бағытталған, ол үздіксіз білім беру үрдісінде бағалау түрі болып саналады, сонымен қатар оқушылардың кәсіптік маңызды қабілетін қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Мақсаты: Жалпы білім беретін орта мектептерде биология пәнін оқыту үрдісінде жобалау технологияларының оқу сапасын арттырудағы тиімділігін көрсету.

Міндеттері:

- сабақ беру үрдісінде жобалау технологиясы фрагменттерін пайдалану;
- әртүрлі биология курстарына жоба тақырыптарын жасау;
- осы әдісті биологияны оқыту үрдісіне енгізу.

Қойылған мақсат, міндеттерге жету жолындағы әдіс-тәсілдерге: интернет жүйесімен жұмыс, институт, университеттермен, кәсіптік мекемелермен, кітапхана орталықтарымен, ғылыми-зерттеу мекемелерімен, педагогикалық бақылау (әңгімелесу, сауалнама алу, эксперимент жүргізу, салыстыру), мониторинг шығару, талдау, жинақтау, бағалау жатады.

Биология сабағында оқушылардың ізденіс, зерттеушілік және шығармашылық қабілеттерінің қалыптасу, даму жолдары зерттеу объектісі болып саналады.

Европада «жоба» сөзі латын тілінен алынып, *projectus* «жоба, нұсқау» деген мағынаны білдіреді, «сөйлеуші», «көзге түсуші», яғни бір объектінің, бір істің түптілғасы, түпбейнесі сияқты, ол іс- әрекет жоба жасауға әкеледі. Сонымен жоба жоқты жасауға тырысады, яғни ол бір нәрсені алудың жолын көрсетеді. Жоба сөзінің түсінігі терминологияда «мәселе» (мәселе) сөзімен тығыз байланыста болады. Жоба мәселе ретінде шығармашылықтың шынайы жағдайын жасауы мүмкін, онда адам идеялардың жаршысы, жүзеге асырушысы. Жоба әдісі оқушылардың бір мәселені шешуін талап етеді.

Ал мәселені шешу үшін олар бір жағынан әр түрлі әдіс-тәсілдерді қолданса, екінші жағынан әр түрлі пәндерден алынған білімнің интеграциясын пайдалануы керек. Демек, жоба әдісі оқушылардың білімділік кезеңіне түсіп, өз мәселелерін іздеп, тауып, шешуі, өзіндік жұмыстарын, іс-әрекетін ұйымдастыруы.[2]. Оқыту үрдісінде қазіргі уақытта оқыту үрдісінде жобалау әдісі кеңінен қолданылуда. Оны мектептегі кез келген пәндерге пайдалануға болады, әсіресе осы жоба арқылы биология пәнінен 6-11 сыныптардың оқушылары үшін көлемі жағынан көптеген міндеттерді шешеді. Оқушылардың көмегімен бүгін мектепте ойлау жоба жұмыстарын дамыту үшін көптеген мүмкіндіктер бар - ол жобалық іс-әрекеттер. Жобалау технологиясы оқушылардың жеке тұлғасын, олардың өзіндік жұмысы мен шығармашылығын дамытуға мақсатталған. Оқушылар жобалаумен жұмыс істеу нәтижесінде өз бетімен ізденеді, ақпаратты саралайды, пәннен алған білімін қорытындылап және оны қолданады, өзіндік жұмыс пен жауапкершілікке ие болады, жоспарлау икемділігі мен шешімді қабылдауды дамытады және қалыптастырады. Балалар өздерінің еңбек нәтижелерінің сынақтан өткеніне қанағаттанады сонымен қатар оны басқа оқушылар үйренуге пайдалана алады. Оқушылардың еңбек нәтижесі неғұрлым сұраныста болса, солғұрлым олардың жауапкершілігі мен ынтасы арта түседі. Оқушылардың оқу-танымдылық іс әректінен нәтиже бағыты туралы идея жобалау әдісі негізінде жатыр, практикалық немесе теориялық маңызды мәселелерді шешуге болады. Жобалау әдісі оқушылардың шығармашылық потенциалын жоғарлатады, шамадан тыс оқуды төмендетеді, білімді дәлелдейді әрі жоғары тиімділікті демонстрациялайды. Жалпы дидактика мен әр пәннің жеке әдістемесі және биологиялық мәселені шешуге және оқушылардың қабілеттілігі мен икемділігін дамытумен байланысты өзіндік жұмысқа және өзіндік дамуға шақырады. Өз бетімен ойлай, өз алдына әлеуметті маңызды міндеттерді қоя алатын, жобалау жолдарын шеше және нәтижені болжай алатын адам біздің қоғамға өте қажет. Оқытушы берілген міндетті шығармашылық жағынан шешудің орындалуын және жаңа әдістер мен технологияны қолдануды бақылайды. Білім алушының осындай жобалау технологиясы маңызды күзіреті болап саналады: жалпы ғылыми, ақпараттық, танымдылық, коммуникативтік, бағалы-ойлы, әлеуметті, тұлғаның білімін арттыруға талпындыру.

Қазақстан Республикасы “Білім туралы” Заңының 8-бабында “Білім беру жүйесінің басты міндеті - оқытудың жаңа технологияларын енгізу, білім беруді ақпараттандыру, халықаралық коммуникациялық желілерге шығу, ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтар, ғылым мен практика жетістіктері негізінде жеке тұлғаны қалыптастыруға, дамытуға және кәсіби шыңдауға бағытталған білім алу үшін қажетті жағдайлар жасау” - деп атап көрсеткендей-ақ, қазіргі кезеңде әрбір мұғалімнің алдына қойып отырған басты міндеттерінің бірі- оқытудың әдіс-тәсілдерін үнемі жетілдіріп отыру және жаңа педагогикалық технологияны меңгеру [3]

Жобалық тапсырмаларды құрастыру бойынша әдістемелік ұсыныстар. Қазақстанның әлемдегі бәсекеге қабілетті 30 елдің қатарына кірігуүдерісіне қажетті тұлғаның ең басты функциялық сапалары – белсенділік, шығармашыл тұрғыда ойлау және шешім қабылдай білу, кәсіби жолын таңдау, өмір бойы білім алуға дайын тұру және т.б., осы функционалдық дағдылар мектеп қабырғасында қалыптасады.

Функционалдық дағдылар оқушылардың танымдық қабілеттері мен өнімдіжұмысының көрсеткішін білім деңгейі ретінде қарастырады. Бұл деңгейөмірдің әртүрлі саласындағы тапсырмаларды шешуде мектептік біліммазмұнының қолданбалық сипатына және

оқушылардың игерген біліміне негізделеді. Сондықтан «Жаратылыстану» білім саласындағы оқушылардың функционалдық сауаттылығын жобалық тапсырмалар арқылы келесі жолдармен жүзеге асыруды ұсынамыз [4]:

- химия, биология және физика ғылымдарының, инновациялық технологиялардың жаңа жетістіктерін енгізу;

- ұлттық компонентті кеңейту;

- Қазақстанның индустриалдық-инновациялық дамуын негізге ала отырып, оқытудың өндірістік, технологиялық үдеріспен байланысын ірілендіру және жаратылыстану өндіріс саласындағы болашақ кәсіби кадрларды дайындау;

- оқушылардың экологиялық мәдениетін дамыту, олардың табиғат пен минералды ресурстарға, туған өлкесінің өсімдіктер мен жануарлар әлеміне ұқыптылықпен қарау және өз елінің табиғи байлығын қорғау мен көбейту негізінде жаратылыстану саласында білім берудің экологиялық құраушысын кеңейту;

- мектептегі жаратылыстану-ғылыми білімді жетілдіру оқушылардың практикалық және зерттеушілік дағдыларын дамытуға, оқу жобаларын орындаудағы креативтілік ойлауын қалыптастыруға, алған білімдерін болашақ кәсіби қызметтерінде қолдана білуге дайындауға бағытталу;

- өздігінен орындайтын тәжірибелік, эксперименттік жұмыстарды сан түрлі әдістер мен технологияларды қолдану арқылы функционалдық сауаттылықтарға жататын бөлігіне ерекше мән беріп, жүйелеп үйрету;

- жазбаша жұмыстарды, практикалық тәжірибелерді, құзыреттіліктерді қажет ететін өздік жұмыстар мен тапсырмаларды іс жүзінде орындау. Осы айтылғандарды қалыптастыру үшін жаратылыстану пәндерінің мазмұнына әрекеттік сипаттағы келесі білімдерді кіріктіру қажет [4]:

- күнделікті өмірде бізді қоршаған химиялық, физикалық, биологиялық құбылыстарды, әртүрлі заттар мен азықтарды қауіпсіз және тиімді пайдалану;

- химиялық технология және полимерлер өндірісі, жаңа құрылыс және құрастыру материалдары, тұрмыстық химия, фармакология, ауыл шаруашылығы және биотехнология және т.б. облыстарындағы алғашқыпрактикалық дағдыларының болуы;

- жаратылыстану пәні бойынша практикалық жұмыстарды жобалау, моделдеу және орындау, диаграммаларды, реакция теңдеулерінің сұлбаларын оқи білу;

- байқау немесе өлшеу нәтижелерін кестелер, графиктер көмегімен көрсету;

- моделдердің көмегімен қоршаған әлемдегі табиғи құбылыстарды түсіндіру, мәліметтерге талдау жасау негізінде қорытынды жасау;

- жаратылыстану аймағындағы зерттеулердің негізгі ерекшеліктерін түсіну;

- алған білімдері негізінде жаратылыстану-ғылыми құбылыстарды түсіндіру немесе суреттеу, сонымен қатар өзгерістерді болжау;

- қорытынды шығару, оларды талдау және негіздемесін бағалау үшін ғылыми дәлелдеулерді және мәліметтерді пайдалану.

Қазіргі таңда жобалық тапсырмалармен оқушылардың жұмыс істеуі адамөмірінің түрлі салаларында кең таралған іс-әрекет түрлерінің бірі болып табылады. Жобалау – адам баласы қызмет ететін түрлі салалардағы іс-әрекеттің ең көп тараған түрі. Мектеп жағдайында жобалық іс-әрекетке үйрену арқылы білімалушылар әлемнің жылдам өзгермелі жағдайында, яғни қызмет саласының жаңа түрлері мен беймәлім жағдайлар туындап жататын барлық нақты жағдаяттар барысында ұтымды шешімдер қабылдау дағдыларын меңгереді. Жобалық тапсырмалар нақты жағдайларда, сондай-ақ жаңа қызметсалалары мен жаңа оқиғалар туындайтын қарқынды өзгермелі әлемнің жағдайларында, мәселелерді тиімді шешу дағдыларын қалыптастырады. Қазіргі кезеңдегі білім беру ісінің негізгі нысаны – жас ұрпақтың біліктілігін қалыптастырып қана қоймай, олардың бойында ақпаратты өздері іздеп табатын және талдай алатын, сондай-ақ ұтымды пайдалана білетін, жылдам өзгеріп жатқан бүгінгі дүниеге лайықты өмір сүріп, қызмет жасауға қабілетті тұлғалық қасиеттерді қалыптастыру болып отыр.

Сондықтан жобалық тапсырмалар оқу процесінде білім алушылар әлемнің жылдам өзгермелі жағдайында, яғни қызмет саласының жаңа түрлері мен беймәлім жағдайлар туындап жататын барлық нақты жағдаяттар барысында ұтымды шешімдер қабылдау дағдыларын меңгертеді. Оқушылардың дарындылығын дамытудағы бұл тапсырмалардың маңызы, ең алдымен, зерттеушілік ізденістің жаратылыстан бөлінбейтін құбылыс екендігімен түсіндіріледі. Білуге деген күштарлық, бақылауға тырысушылық, тәжірибеден өткізуге дайын тұру, әлем туралы жаңа мәлімет жинауға талпынушылық қасиеттер балаға тән дәстүрлі мінез болып саналады. Сондықтан, жобалық тапсырмалар арқылы оқушыны ізденушілікке баулу, оған зерттеу дағдысы мен білігін игерту бүгінгі білім беру саласының маңызды міндеті болып саналады [5].

Жобалық тапсырмаларды тиімді пайдалану оқушының дүниетанымы кеңейе түседі, әдеби тіл мәнерімен сөйлеуге және жазуға дағдыланады. Тапсырма жұмыстарының мазмұнына сәйкес әдістемелік негізділігі тиянақты зерттеулерді, нақты мәтіндерді дәйектемелік тұрғыдан пайдалануға үйрету арқылы шығармашыл тұлғаны қалыптастырады. Сондықтан жобалық тапсырмалар көмегімен қалыптасқан білім, білік пен дағдылар оқушылардың жоғары оқу орындарында ойдағыдай оқуына ықпалдасып, қазіргі заман талаптарына сәйкес маман болуына жол ашады. Бұл қазіргі әлем өркениетіндегі оқу мен ғылыми зерттеу жұмыс тастастығы жүйесіндегі көрсеткіштер оқушының барлық деңгейдегі оқу кезеңдерінде іздену, зерттеу қабілеттерін дамытады.

Меңгерілген ұғымдардың тереңдігінде, яғни жобалық тапсырмаларды пайдалану арқылы олардың көпқырлы дәйектері ескеріліп, білім деңгейі артады. Зерделенетін мәселелер арасында табиғи өзара байланыстың орнауымен, жетекші идеялардың бағытындағы оқу материалын қарауды қамтамасыз ететін, зияткерлік әрекет деңгейі өзгереді.

Әдебиеттер:

1. Блинов В.И., Сергеев И.С. Четыре года открытий: Проектная неделя глазами практика. // Лицейское и гимназическое образование. - 2002. №9, 29 б.
2. Бычков А.В. Метод проектов в современной школе. - 2000.
3. 6–9-сыныптарға арналған «Жобалық іс-әрекет» пәні бойынша қысқа мерзімді жоспарды әзірлеу жөніндегі әдістемелік құрал. Әдістемелік ұсынымдар. – Астана: Ы. Алтынсарин атындағы ҰБА, 2014. – 20 б.
4. PISA, TIMSS зерттеулерінің тапсырмалары негізінде оқушылардың ғылыми жаратылыстану сауаттылықтарын дамыту. Оқу-әдістемелік құрал. – Астана: Ы. Алтынсарин атындағы ҰБА, 2014. – 40 б.
5. Қазіргі сабақты жобалау және ұйымдастыру. Оқу-әдістемелік құрал. – Астана: Ы. Алтынсарин атындағы ҰБА, 2014.

Оспан Әсел Оспанқызы

Алматы қаласы химия-биология бағытындағы

Назарбаев Зияткерлік мектебінің

қазақ тілі мен әдебиеті пәні ассистенті

ИННОВАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ МЕКТЕПТЕРДЕ ҚОЛДАНУДЫҢ КЕЙБІР ӘДІС-ТӘСІЛДЕРІ

АННОТАЦИЯ

Мақалада ғылым мен білімнің дамуында инновациялық технологияның үлкен рөл атқаратындығы, соның ішінде, ақпараттық, зияткерлік және инновациялық білім беру технологиялары қарастырылған. Атап айтқанда басты мақсат сапаны көтеру және еуропалық